

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**География**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Шығыс Еуропаның металлургия саласы дамыған елдері
  - A) Польша, Венгрия
  - B) Польша, Словакия
  - C) Польша, Сербия
  - D) Польша, Болгария
  - E) Польша, Чехия
  
2. Шығыс Еуропада үлесі басым халықтар
  - A) балтық
  - B) роман
  - C) герман
  - D) кельт
  - E) славян
  
3. Еуропаның субтропиктік жемістерді экспортқа шығарушы елі
  - A) Исландия
  - B) Германия
  - C) Франция
  - D) Испания
  - E) Ирландия
  
4. Өнеркәсіптің жетекші саласы машина жасаудан Еуропаның жетекші елдері
  - A) Германия, Франция, Италия
  - B) Австрия, Швеция, Нидерланд
  - C) Испания, Бельгия, Швейцария
  - D) Франция, Норвегия, Дания
  - E) Ирландия, Португалия, Италия
  
5. Еуропаның ауыл-шаруашылық ет және сүт өнімдерін экспортқа шығарушы елдері
  - A) Бельгия, Швейцария
  - B) Германия, Дания
  - C) Норвегия, Ирландия
  - D) Швеция, Нидерланды
  - E) Ұлыбритания, Чехия

6. Еуропаның «Үлкен жетілікке» кіретін елдері
  - А) Франция, Германия, Ұлыбритания, Италия
  - В) Франция, Норвегия, Ирландия, Португалия
  - С) Австрия, Швеция, Нидерланд, Италия
  - Д) Ұлыбритания, Монако, Дания, Словакия
  - Е) Германия, Испания, Бельгия, Швейцария
  
7. Еуропаның ең жоғары урбандалған елдері
  - А) Бельгия, Исландия, Ұлыбритания
  - В) Румыния, Италия, Ирландия
  - С) Швеция, Испания, Франция
  - Д) Чехия, Хорватия, Словакия
  - Е) Португалия, Албания, Сербия
  
8. Еуропаның германдық тіл тобына жататын халықтары
  - А) орыстар, белорустар, украиндар
  - В) француздар, итальяндар, испандар
  - С) ирландықтар, уэльстер, бретондар
  - Д) немістер, ағылшындар, шведтер
  - Е) литвалықтар, латыштар, эстондар
  
9. Еуропа халықтарының тілдік жанұясы
  - А) Үндіевропалық
  - В) Дравидтық
  - С) Австроазиялық
  - Д) Урал-Юкогарлық
  - Е) Алтайлық
  
10. Еуропаның ең биік нүктесі
  - А) Альпідегі Монблан шыңы
  - В) Кавказдағы Эльбрус шыңы
  - С) Гималайдағы Эверест шыңы
  - Д) Карпаттағы Гаверла шыңы
  - Е) Андтағы Аканкогуа шыңы
  
11. 1990-жылы Еуропадағы болған саяси өзгерістер
  - А) ГФР және ГДР бірігуі, Чехословакия Одағының ыдырауы
  - В) Австрия мен Венгрия, Чехия мен Словакияның бірігуі
  - С) Югославия Одағының бірігуі, КСРО-ның құрылуы
  - Д) Австро-Венгрия империясының ыдырауы, ТМД-ның құрылуы
  - Е) Осман империясының, Үндістан мен Пәкістанның ыдырауы

12. Әлем бойынша жан басына шаққанда ең көп аяқ киім өндіруші елдер
- A) Испания, Чад
  - B) Италия, Чехия
  - C) Франция, Чили
  - D) Исландия, Польша
  - E) Ирландия, Швеция
13. Дүние жүзіндегі химиялық өнімдердің 5-7% тиесілі елдер
- A) Парсы шығанағы елдері
  - B) Батыс Еуропа елдері
  - C) Шығыс Азия елдері
  - D) Орталық Америка елдері
  - E) Оңтүстік Америка елдері
14. Химия өнеркәсібі бойынша алдыңғы орындағы аймақ
- A) Азия
  - B) Солтүстік Америка
  - C) Латын Америка
  - D) Еуропа
  - E) Аустралия
15. Машина жасау саласының ірі 4 аймағы:
- A) Оңтүстік Шығыс Азия, Шығыс Азия, Латын Америка, ТМД елдері
  - B) Солтүстік Америка, Шетелдік Еуропа, Шығыс Азия, ТМД елдері
  - C) Оңтүстік Батыс Азия, Оңтүстік Азия, Шығыс Еуропа, ТМД елдері
  - D) Шетелдік Еуропа, Оңтүстік Азия, Орталық Америка, ТМД елдері
  - E) Оңтүстік Батыс Азия, Орталық Азия, Оңтүстік Азия, ТМД елдері
16. Қытай, Либерия, Бразилия, Үндістан, Аустралия, ОАР елдеріне ортақ ерекшелік
- A) су ресурстары қоры молдығы бойынша алдыңғы орындағы елдер
  - B) рудалы шикізат өнімдерін экспорттау бойынша алдыңғы орындағы елдер
  - C) орман ресурстары мен ағаш өндірісі бойынша алдыңғы орындағы елдер
  - D) көмір өндіру мен экспорттау бойынша алдыңғы орындағы елдер
  - E) мұнай химиясы мен шикізаты өндірісі бойынша алдыңғы орындағы елдер
17. АҚШ, Канада, Аустралия, Қытай, Ресей, Қазақстан, Түркия, Украина және Мексика елдеріне берілген ортақ атау
- A) «Ортақ нарық державалары»
  - B) «Темір көпір державалары»
  - C) «Мұнайлы көпір державалары»
  - D) «Тау-кен державалары»
  - E) «Мысты белдеу державалары»

18. Электроэнергиясын ГЭС-терде өндіру жұмысы жақсы жолға қойылған елдер
- A) Иран, Ирак, Аустралия, Үндістан
  - B) Латвия, Норвегия, Швеция, Дания
  - C) АҚШ, Ресей, Бразилия, Канада
  - D) Қытай, АҚШ, Исландия, Ирландия
  - E) Сауд Арабиясы, АҚШ, Алжир, БАӘ
19. Көмір экспорты бойынша маманданған елдер
- A) АҚШ, Канада, Аустралия, ОАР
  - B) Ресей, Исландия, Жапония, Канада
  - C) АҚШ, Үндістан, Франция, Нидерланд
  - D) Сауд Арабиясы, АҚШ, Алжир, БАӘ
  - E) Бразилия, Үндістан, Канада, Қазақстан
20. Иран, Сауд Арабиясы, АҚШ, Алжир, БАӘ, Канада, Нидерланды және Норвегия елдеріне ортақ ерекшелік
- A) су қоры молдығы жөнінен алдыңғы орындағы елдер
  - B) орман ресурстар өндіруден алдыңғы орындағы елдер
  - C) түсті металлургия өндірісі жөнінен алдыңғы орындағы елдер
  - D) электрэнергиясын өндіру бойынша алдыңғы орындағы елдер
  - E) табиғи газ қоры жөнінен алдыңғы орындағы елдер

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән  
Геодезия**

**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. АВ сызығының В нүктесі және А нүктесінің координаталарының айырымы  
А) горизонталь қашықтық  
В) биіктік  
С) түзетпе  
D) координаталар өсімшесі  
E) үйлеспеушілік
2. Көру дүрбінің  $V=30^x$  үлкейтуі болса, көздеу дәлдігін есептеңіз  
А) 3"  
В) 30"  
С) 2"  
D) 5"  
E) 20"
3. Затты аспаптың дүрбісімен көргенде бұрыштың аспапсыз көргендегі бұрышқа қатынасы  
А) көздеу дәлдігі  
В) бейнелеу масштабы  
С) бөліну бағасы  
D) дүрбінің үлкейтуі  
E) фокустеу
4. Әр нүктеде тіктеуіш сызығының бағытына перпендикуляр дөңестелген бет  
А) деңгейлік бет  
В) эллипс  
С) сфера  
D) шар  
E) референц-эллипсоид
5. Формула  $\Delta D=2D*\sin^2\gamma/2$  қолданылатын түзетпе, жағдайы  
А) аспапты түзеткенде  
В) компорирлеуге  
С) рефракцияға  
D) горизонтқа көлбеу бұрышқа  
E) қағаздың деформациясына

6. Бұрылыс бұрыштарын өлшейтін аспап
- A) лента
  - B) рулетка
  - C) эккер
  - D) теодолит
  - E) нивелир
7.  $\alpha=10^0$  және  $\beta=100^0$ , теодолиттің көру дүрбісінің үлкейтуін есептеңіз
- A)  $\nu=100^x$
  - B)  $\nu=1^x$
  - C)  $\nu=10^x$
  - D)  $\nu=0,1^x$
  - E)  $\nu=0,001^x$
8. Теодолитте көздеу үшін қызмет ететін затты
- A) көру дүрбісі
  - B) вертикаль өсі
  - C) көру дүрбісінің айналу өсі
  - D) лимб
  - E) цилиндрлік деңгейлеуіш
9. Тахеометрлік түсірісте координаталар өсімшілері, нүктелердің координаталар және биіктіктерін есептелетін дәлдік
- A) 1,001 м
  - B) 0,005 м
  - C) 0,01 м
  - D) 0,05 м
  - E) 0,1 м
10. Тахеометрлік түсірістің теодолиттік түсірістен айырмашылығы
- A) жердің жер бедері түсіріледі
  - B) жердің жер бедері түсірілмейді
  - C) кішігірім учаскеде горизонталь түсіріс жүргізіледі
  - D) жер планы далада жасалады
  - E) контур түсіріледі
11. Теодолиттік жүрісті байланыстыру үшін жүзеге асырылатын өлшеулер
- A) ара қашықтықтарды өлшеу
  - B) аудан анықтау
  - C) румбтарды анықтау
  - D) координаталарды есептеу
  - E) жанасу бұрышын, ара қашықтықтарын өлшеу

12. Меридианның жақын ұшынан берілген сызыққа дейін саналатын горизонталь сүйір бұрыш
- A) азимут
  - B) көлбеу бұрыш
  - C) румб
  - D) дирекциондық бұрыш
  - E) жанасу бұрышы
13. Егер тура дирекциондық бұрыш  $\alpha_{\text{тура}}=275^{\circ}10'$  болса, аталған кері дирекциондық бұрыштың мәнін анықтаңыз
- A)  $5^{\circ}50'$
  - B)  $5^{\circ}10'$
  - C)  $95^{\circ}10'$
  - D)  $105^{\circ}10'$
  - E)  $84^{\circ}50'$
14. Остік меридианның немесе соған параллель вертикаль сызықтың солтүстік ұшынан сағат тілінің қозғалысымен берілген сызыққа дейінгі саналатын горизонталь бұрыш
- A) румб
  - B) азимут
  - C) сүйір бұрыш
  - D) жанасу бұрышы
  - E) дирекциондық бұрыш
15. Экватор жазықтығы мен берілген нүктедегі тік түзу арасындағы бұрыш
- A) ылди бұрыш
  - B) вертикальдық бұрыш
  - C) геодезиялық бойлық
  - D) геодезиялық ендік
  - E) горизонталь бұрыш
16. Сызықты бағдарлау элементтері
- A) ендік, бойлық, полюс
  - B) параллель, меридиан, экватор
  - C) азимут, дирекциондық бұрыш, румб
  - D) диаметр, радиус, шеңбер
  - E) карта, план, профиль

17. Ширектің аты бар геодезиялық сүйір бұрыш
- A) азимут
  - B) дирекциондық бұрыш
  - C) меридиан
  - D) жақындасу бұрышы
  - E) румб
18. Географиялық меридианның солтүстік ұшынан сағат тілінің қозғалысымен берілген сызыққа дейінгі саналатын горизонталь бұрыш
- A) дирекциондық бұрыш
  - B) меридианның жақындасу бұрышы
  - C) румб
  - D) географиялық азимут
  - E) магнит тілінің бұрылу бұрышы
19. „Алға“ нивелирлейтін әдісте биіктік айырмашылық анықталатын формуласы
- A)  $h = i - b$
  - B)  $h_{1-2} = H_2 - H_1$
  - C)  $h = b - a$
  - D)  $h = A\Gamma - a$
  - E)  $h = a - b$
20. Жер бетіндегі нивелирлеу кезіндегі мемлекет қорғалатын нүктелері
- A) башмақтар
  - B) реперлер
  - C) қадалар
  - D) қазықтар
  - E) шегелер

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. 1 : 2000 масштабында нөлдік сызықшадан оңға карай салынған кесінділер
- A) 80 м
  - B) 119 м
  - C) 25 м
  - D) 10 м
  - E) 15 м
  - F) 40 м
  - G) 120 м
  - H) 20 м
22. Жергілікті жерде горизонталь ұзындығы 50 км болатын сызықтың 1:200000; 1:500000 масштабты карталардағы ұзындығын анықтаңыз
- A) 25 см
  - B) 20 см
  - C) 15 см
  - D) 10 см
  - E) 40 см
  - F) 35 см
23. Таулы жерлердің 1:5000; 1:10000 және 1:25000 масштабты түсірістерінде жер бедерінің қима биіктіктерінің мәні
- A) 2,5 м
  - B) 12,5 м
  - C) 20 м
  - D) 15 м
  - E) 1,5 м
  - F) 5 м
  - G) 1 м
  - H) 0,5 м
24. Жартылай жазық, төбелі жерлердің 1:5000; 1:10000 және 1:25000 масштабты түсірістерінде жер бедерінің қима биіктіктерінің мәні
- A) 2,5 м
  - B) 1,5 м
  - C) 2 м
  - D) 5 м
  - E) 0,5 м
  - F) 10 м
  - G) 3,5 м
  - H) 1 м

25. Жазық жерлердің 1:5000; 1:10000 және 1:25000 масштабты түсірістерінде жер бедерінің қима биіктіктерін анықтаңыз
- A) 1,5 м
  - B) 0,5 м
  - C) 5,5 м
  - D) 2,5 м
  - E) 2 м
  - F) 2,25 м
  - G) 1 м
  - H) 5 м
26. Ара қашықтығы 23 км болатын екі нүктенің арасы үш әртүрлі картада 4,6 см; 11,5 см; 23 см тең. Үш картаның сәйкесінше масштабтарын анықтау қажет
- A) 1:10 000
  - B) 1:500 000
  - C) 1:5000
  - D) 1:25 000
  - E) 1:1000 000
  - F) 1:200 000
  - G) 1:50 000
  - H) 1:100 000
27. 1:10000, 1:5000, 1:2000 масштабтары үшін геодезиялық пландық тірек пунктерінің жиілігі
- A) 50-60 км<sup>2</sup> ға 2 пункт
  - B) 20-30 км<sup>2</sup> ға 2 пункт
  - C) 20 км<sup>2</sup> ға 3 пункт
  - D) 5-15 км<sup>2</sup> ға 2 пункт
  - E) 50-60 км<sup>2</sup> ға 1 пункт
  - F) 20-30 км<sup>2</sup> ға 1 пункт
  - G) 5-15 км<sup>2</sup> ға 1 пункт
  - H) 10 км<sup>2</sup> ға 3 пункт

28. Теодолиттік жүрістегі бұрышты өлшеудегі орташа квадраттық қателік, қабырғасының ұзындығын өлшеудегі салыстырмалы орташа квадраттық қателік, екі бұрышты өлшеудегі шектік рұқсат етілетін қателік
- A)  $3' \sqrt{n}$
  - B) 1:1000
  - C) 1:5000
  - D) 1:2000
  - E)  $1' \sqrt{n}$
  - F) 40"
  - G) 50"
  - H) 30"
29. 1 және 2 разрядты триангуляция жиілету торларында базисті қабырғасының қатынас қателігі
- A) 1:100000
  - B) 1:50000
  - C) 1:250 00
  - D) 1:30000
  - E) 1:10000
  - F) 1:20000
30. Екі нүкте арасындағы биіктік айырмашылықтары мен горизонталь ұзындықтары сәйкесінше +3 м, 50 м; +5 м, 200 м, +6м, 300 м. Нүктелердің арасындағы құлама тіктігін анықтаңыз
- A) + 0,25
  - B) + 0,06
  - C) + 0,2
  - D) + 0,025
  - E) + 0,02
  - F) + 20,0
  - G) + 0,6
  - H) + 25,0

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Жер бедерін пландарда, карталарда бейнелеу**

Топографиялық карта мен планның маңызды көрсеткішінің бірі олардың көрнектілігі. Олар мұндай қасиетке карта мен планда ситуацияны және рельефті арнаулы шартты белгілермен бейнелеу арқылы жетеді. Ситуацияға белгілі жердің және жердегі тұрақты заттардың контурларының жиынтығы (орманның, шабындық, сулы жерлердің, жолдың, елді мекендердің және т.б.контурлары) жатады. Рельефке жер бетінің табиғи жағдайда пайда болған кедір-бұдырлардың жиынтығы (тау, алқап, жота және т.б.) жатады. Шартты белгілер масштабты (аудандық), масштабсыз, сызықтық және түсіндірме болып бөлінеді.

31. Шартты белгілер аумақты, үлкен контурлы объектілерді карта мен планның масштабымен бейнелеу үшін қолданылатын жағдайы
- A) сызықтықты
  - B) түсіндірме
  - C) масштабты
  - D) масштабсыз
  - E) ситуациялық
32. Сулы жерлер мен елді мекендердің шекарасы белгіленетін белгі
- A) жасыл сызықпен
  - B) нүктелермен
  - C) қызыл сызықпен
  - D) белгілемейді
  - E) сызықпен
33. Орман, жайылым, сазды жерлердің контурларын белгіленетін белгі
- A) қызыл сызықпен
  - B) жасыл сызықпен
  - C) нүктелермен
  - D) сызықпен
  - E) белгіленбейді

34. Шартты белгілер жер бетіндегі объекттерді сипаттау үшін қолданылатын басты мақсаты
- A) масштаб
  - B) түсіндірме
  - C) сызықтық
  - D) масштабсыз
  - E) жер бедері
35. Шартты белгілермен жердегі заттарды карта немесе планның масштабын бейнелейтін жағдайы
- A) масштабымен
  - B) масштабсыз
  - C) сызықтық
  - D) жер бедері
  - E) түсіндірме

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

**Геодезиялық сызбалар**

Радиусы 10 км-ге дейін жер бетінің кішігірім учаскесінің бейнесін горизонталь жазықтыққа кішірейтіп түсіруге болады. Мұнда Жердің қисықтығынан пайда болған қателер өте дәлдікпен өлшенген сызықтық өлшеулердің қателерімен шамалас болады да, практика жүзінде оның әсері болмайды. Үлкен территориялардың проекциясын бейнелегенде, олардың проекциясы алғаш сфералық бетке түсіріледі де, одан кейін жазықтықта көрсетіледі. Осыған байланысты жер бетінің бейнесінде бұрмаланушылық пайда болады. Бейнені кішірейту мен бұрылыстықты қарастыру үшін картографиялық проекция деп аталатын арнаулы әдісті қолданады. Бұл проекцияға математикалық заңмен меридиандар мен параллельдерден тұратын картографиялық торларды салады. Сол торлардың ішіне жер беттерінің элементтерін-рельеф пен контурларды көрсетеді. Картада Жердің қисықтығы есептеледі. План мен картаның айырмашылықтары өзара ерекшеліктеріне байланысты.

36. Профиль сипатталатын жердің элементі
- A) жер бедері
  - B) өсі
  - C) меридиан
  - D) бейнесі
  - E) өлшем

## 37. Картаның ерекшеліктері

А) кішігірім жердің бейнесі көрсетіледі, сол бөлікте жердің дөңестігі ескерілмейді, кішірейту дәрежесі тұрақты, жер беті картада меридиан мен параллельдерден тұратын картографиялық тор арқылы бейнеленеді

В) жердің дөңестігі ескеріледі, жер бетіндегі әртүрлі белгілер, объектер картада дәл түсірілмейді, жер беті картада меридиан мен параллельдерден тұратын картографиялық тор арқылы бейнеленеді

С) жер бетіндегі әртүрлі белгілер, объектер картада дәл түсірілмейді, жер беті картада меридиан мен параллельдерден тұратын картографиялық тор арқылы бейнеленеді, сол бөлікте жердің дөңестігі ескерілмейді, кішірейту дәрежесі тұрақты

Д) жердің дөңестігі ескеріледі, жер бетіндегі әртүрлі белгілер, объектер картада дәл түсірілмейді, кішігірім жердің бейнесі көрсетіледі, сол бөлікте жердің дөңестігі ескерілмейді

Е) кішігірім жердің бейнесі көрсетіледі, сол бөлікте жердің дөңестігі ескерілмейді, кішірейту дәрежесі тұрақты, план горизонталь жазықтыққа түсіріледі

## 38. Әртүрлі масштабтағы карталардың әр бетін белгілеу жүйесі картаның элементі

А) номенклатурасы

В) профилі

С) графикасы

Д) шартты белгі

Е) кескіні

## 39. Топографиялық планда немесе картада берілген бағытпен жердің вертикальдық кесіндісінің бейнесі

А) карта

В) ситуация

С) профиль

Д) топография

Е) план

## 40. План мен картада тек қана жергілікті жердегі жағдай бейнеленсе, ондай план мен картаның түрі

А) инженерлік

В) ситуациялық

С) графикалық

Д) топографиялық

Е) математикалық

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***